

Жолдыбай негізгі мектебі психологының 2022-2023 оқу жылындағы жылдық есебі.

Жыл басында жоспарлаған жоспар бойынша мынадай жұмыстар атқарылды. Жаңа оқу жылында біздің жұмысымыз бірінші сынып оқушыларын мектепке қабылдаудан бастадық. Оқушылардың психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау мақсатында, әдістемесін өткізуден басталды.

Мектеп алды даярлық сыныбында 2 оқушы сынақтан өтті. Зерттеу жұмысы барысында оқушылар назарына «Ер адамның суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу»,
«Бір топ нүктелерді көшіріп салу» ұсынылды.

Негізгі мақсат алынған нәтижелерден оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Жалпы оқушылар жұмысының қабылдануда психологиялық нәтиже бойынша ата-аналармен әр оқушының қабілеті ерекшеліктері айтылды.

Ата-аналарға балаларды қадағалап сабақ оқуына көмектесіп мұғаліммен бірлесіп жұмыс жасау керектігі, баланы саналы тәрбиелеу жөнінде айтылды.

1-ші сыныпта үш оқушы бар, барлығы жас мөлшері сыныпқа сай . Сынып оқушылары кезең бойынша зерттелді. Жалпы бірінші сынып оқушылары мұғалімге бір-біріне тез үйренісіп, оқу үлгерімі де жақсы деңгейде бейімделіп кетті. Эр оқушыға психологиялық мінездеме жазылып, даму картасы толтырылды. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделуін жақсы деп байқадым.

Жалпы қорытынды жасайтын болсақ, зерттеме жұмысы барысында бірінші сынып оқушыларымен мектепке бейімделу деңгейін қалыптастыру мақсатында, баланың мектепте оқуына психологиялық дайындығын дамытуға арналған «Кім нені жақсы көреді?» жаттығуы, «Сөзден сөзді ізде» жаттығулары өткізіледі.



Сонымен қатар мектеп алды даярлық тобы балаларының оқу қабілетерін анықтауға арналған сауалнама , тест жұмыстары алынды. Олардың танымдық даму деңгейін, сөйлеу тілінің даму деңгейін, эмоционалды даму деңгейін, физикалық даму деңгейін анықтап, қарапайым сұрақтардың

жауаптарын қорытындылай келе, психологиялық даму деңгейін бақылап, қорытындысы папкаға салынды.



Қазан айында 1-4 сыныптарда «Ұл бала мен қыз бала достығы» әңгіме сабағы өтті. Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала арасындағы достық, сыйластық туралы түсінік қалыптастыру. Әңгімелесу : Ұл бала мен қыз бала арасындағы достық қандай болу керек? (Жағдайат талдау)



Сонымен қатар 5-ші сынып оқушыларының бейімделуі бақыланды. Бесінші сынып оқушыларының жаңа буынға бейімдеулерін, қалыптасу деңгейлерін анықтап, оқушылардың жаңа буынға тез бейімделіп кетуіне жағдай жасалынып, көмек көрсетілді. «Кел танысайық», «Бесінші сынып дегеніміз не?», «Біз және біздің сынып» атты тренингтер, сауалнамалар жүргізілді.



Зерттеуге бесінші сыныптан ұш оқушы қатысты. Бала кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына өтуде психологиялық өзгерістер болуы мүмкін ейткені бастауыш сыныпта оқушы тек, бір кабинетке тұрақты қалыпқа үйренеді. Сабак кестесінің ауысуы, жаңа сыныптармен, жаңа мұғалімдермен

қарым-қатынас жасау. Мұның барлығы оқушының оқу мотивациясына әсер етеді, кей балада мазасыздық пайда болуы мүмкін. Яғни баланың бейімделу кезеңі сәтті өту үшін психологиялық сүйемелдеу жасалынды. Баланың сана-сезімін оятып тест жұмысы алынды. Психологиялық зерттеу жұмысының қорытындысы тәмендегідей нәтиже берді

1.Мектептегі мазасыздық деңгейі - қалыпты.

2.Топтық бірлік- жоғары.

3. «мен» бейнесі- үйлесімді ,өзін-өзі бағалау – жағымды.

5.Өзіне сенімділігі және өзінің мүмкіндігіне сенімі жоғары.

6. «Мұғалім»бейнесіне ,мектепке сыныптастарына –жағымды.

Қарым-қатынастардың құрылуына ,осыған байланысты тренинг әр уақытта жүргізілді.Психологиялық даму картасы толтырылды. Қорыта келгенде оқушылардың оқу процесін адаптациялау барысында, бесінші сыныптардың оқу процесі жақсы екендігі анықталды.

Қазан айында мектебімізде «Ата-аналар мен ынтымақтастық» тақырыбында мектепішілік жалпы ата-аналар жиналышы өтті. Жиналышта ата-аналармен тренинг өткізілді.




1,5-сынып оқушыларының ата-аналарынан сауалнама алынды, әр ата-анамен сөйлестім. Сауалнама 10 сұрақтан тұрды. Ата-аналардан шағым түскен жоқ. Алынған сауалнамалар папкаға салынды.

Келеңсіз жағдайды алдын алуда айна бір рет 5-9сыныптар арасында «Мен кіммін? Мен қандаймын?», «Өмір бала көзімен» сауалнама алынды «кікілжінді болдырмау жолдары» тақырыбында өткізіледі.



Күзгі демалыс кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру аясында 7,8,9 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру тақырыбында видео көріп танысты.

Сонымен қатар 7- 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.



Сынып оқушыларының темперамент (мінездерекшеліктерін зерттеу) деңгейін зерттеу жұмысы жүргізілді. Оқушыларға психологиялық мінездеме жазылды.



Жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу психологиялық сауалнамалар, тренинг, тест жұмыстары жүргізіледі. «Әр адамның өміріндегі өзін бағалай білу рөлі» оқушылармен тест жүргізілді. Мақсаты: Өзін сенімді ұстаудағыларын қалыптастыру «Менің көңіл-күйім» сауалнама 10 сұрақтан, әр сұраққа «Иә», «Жоқ» деп жауап береді. Барлық оқушылар қатысты. Оқушылардың көңіл-күйін байқау мақсатында сауалнама сұрақтары бойынша оқушылар көптеген мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдайтындықтарын көрсетті. Алынған барлық сауалнамалар қорытындысы бойынша оқушылар сұрақтарға дұрыс жауап берді, ешқандай ауытқушылықтар болған жоқ.

Қараша айында «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» онкүндік аясында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында ата-аналар

жиналысы өтті, ата-аналармен тренинг өткізілді.



Қараша айында 4-6 сыныптарда «Менің жеке шекараларым» тренинг өтті.
Мақсаты:Дұрыс қарым-қатынасқа түсү мәдениетін қалыптастыру.Адамдар арасындағы қарым-қатынас мәнін түсіну

Қараша айында 8-9сынып оқушыларына . «Менің көңіл-күйім» тақырыбында сауалнама алынды. Оқушыларға мақсаты туралы қысқаша түсініктеме берілді. Барлық оқушылар қалыпты жағдай көрсетті,ауытқушылық жоқ.



Қараша айында қыздар арасында 7-8 сынып оқушылары арасында «Ерте жыныстық қатынас және олардың салдары» әңгіме өтті. Мақсаты:
Оқушыларға адамның ең жоғарғы нәзік, қастерлі сезімі ретінде махаббаттың тұлғалық мәнін ұғындыру.



Желтоқсан айында бастауыш сынып оқушыларының мектепішілік қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауы бойынша тренинг өткізілді. Мақсаты:

Айналасындағы адамдар мен қоршаған ортамен, қарым-қатынас дағдыларын дамыту . Тренингке 2-4-сынып оқушылары қатысты.



Желтоқсан айында 8-9 сынып оқушылары арасында «Кибербулинг деген не?» тақырыбында әңгіме түрінде, слайд көрсетілді. Кибербулинг салдары қандай кеңестер айтылды.



5-6 сынып оқушылары арасында «Мен және интернет» тақырыбында 21 ғасыр –компьютерлік технологиялар ғасыры, яғни интернет қандай да бір қауіп төндіетіні , сонымен қатар заманауи технологияларды зиян шегу үшін емес, өз игілігіне пайдалану керектігі айтылды.



Сонымен қатар 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті. Мақсаты:Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру,өзін-өзі тану аумағын кеңейту.

Аудандық психологтар семинарына қатысып отырдым.



Сонымен қатар қаңтар айында 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдауға жол» пікірлесу түрінде өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудағы жауапкершілігін, пікірін, дұрыс көз-қарасын қалыптастыру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту.



Қаңтар айының екінші аптасында оқушылармен диагностикалық жұмыс жүргізілді. 1-сынып оқушыларының таным процестерін анықтау (қайта тексеру) Отбасындағы өзара қарым-қатынасты анықтау. Тест «Отбасы суреті» тесті алынды.

Тест барысында күтілетін нәтиже 1-сынып оқушыларының таным процестерінің даму көрсеткішін анықтау. Оқушылардың таным ерекшеліктері туралы сыйнып жетекшісіне кеңес берілді.

Екінші аптада жеке тұлғалық көрсеткіштерін диагностикалау бойынша «Қызығушылық картасы» тест алынды. Күтілетін нәтиже оқушылардың жеке-тұлғалық мәселелерін анықтау. Қызығушылық бағыттарын анықталды, папкаға салынды.

Қаңтар айының үшінші аптасында 7-сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын анықтау және 8-9 сынып оқушыларының кәсіби бейімділігі мен қызығушылық бағытын анықтау мақсатында оқушылармен тренинг өтті.



Қаңтар айында 5-9-сынып оқушылары арасында «Біз және кәсіптер әлемі» атты әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: Оқушылардың мамандыққа деген ынта – ықыласын арттыру.


Оқушылардың аутодеструктивті мінез құлышты алдын алу бойынша «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» 5-9 сынып оқушылары арасында әңгіме өтті. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтуды.



Сонымен қатар ата-аналарға «Ата-аналарға арналған 10 өсіет» жадынама таратылды және «Жасөспіріммен қалай жемісті байланыс орнатуға болады?» жадынама таратылды, әр ата-анамен сөйлестім. Сауалнама 10 сұрақтан тұрды. Ата-аналардан шағым түскен жоқ. Алынған сауалнамалар папкаға салынды.



Ақпан айында 9-сынып оқушыларымен «Мамандық білгірлер клубы» тренинг өтті. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау туралы түсінік беру, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау.



Ақпан айының екінші аптасында «Өзіңе сенімділік неден құралады»/Луиза Хей/ 5-9 сынып оқушылары арасында кеңес жүргізілді, “Өзіңе сенімділік неден құралады” атты Луиза Хейдің кеңесін беруе арқылы

жағымды ойлауға, өзі туралы жағымсыз ойлардан арылуға, өзін сүйе білуге, неғұрлым азырақ сынауға, өз бойындағы жақсы қасиеттерді іздеуге кеңестер берілді. Кеңес барысында оқушылар өз пікірлерімен бөлісө отырып, өз бойларынан жақсы қасиеттерді көре білуге тырысуға уәде етті.



Сонымен қатар «СӨС салауатты өмір салты деген не?» 1-4 сынып оқушылары арасында әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: Бірінші байлық – денсаулық екенін айту. Жаттығулар орындалды.

Наурыз айында «Ерте жүктіліктің алдын-алу» 7-8-9 қыздар арасында әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: Қыз баланы тәрбиелеу, құрметтеу, ізет білдіру туралы жалпы кеңес беру. Қыз балаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірдегі болашақ ана ретіндегі міндеттері туралы, сонымен қатар, қыз балаларға қандай қылыштардың ересі екені туралы түсінік беру.



Сонымен қатар наурыз айында «Буллинг және Кибербулинг» презентация көрсетілді. Мақсаты: «Буллинг» сезінің мағынасын ашу, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау жағдайларының алдын-алу, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.



Оқушылармен «Көңіл-күй жаттығулары» жүргізіледі.

Мақсаты: Баланы қуана білуге, өз айналасындағы жағымды істерді қабылдай білуге үйрету. Ойын жаттығулары арқылы қоршаған ортасымен қарым-қатынасын нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылту. Аутодеструктивті мінез-құлышты болдырмау.



Наурыз айының үшінші аптасында ата-аналарға балалары болашақ мамандықты таңдайын деп жатқан ата-аналарға кеңес берілді, жадынымы таратылды.



Наурыз айының екінші аптасында 5-6-сынып оқушыларының пәнге деген қатынастары, оқу мотивациясын анықтау сонымен жеке-дара оқушының пәнге қатынасын анықтау барысында «Оқушының пәнге деген қатынасы», Суретті тапсырма «Мен мектептемін», «Өзінді мектепте бейнелеп сал» тапсырмалары оқушылармен жүргізілді. Күтілетін нәтиже Оқушылардың мектепке деген қатынастарын жақсарту.

Үшінші аптада «Мектепке деген оң көзқарасты қалыптастыру» кеңес берілді. Күтілетін нәтиже оқушылардың мектепке деген қарым-қатынастарын анықтау олардың оң пікірлерін қалыптастыру және бейімделудің нәтижесін бағалау.



Сонымен қатар наурыз айында 5-9-сыныптар арасында балалардың және олардың ата-аналары баланың негізгі құқықтары туралы құқықтық мәдениет деңгейін арттыру және ақпараттандыру мақсатында мектеп жасындағы балалар арасында «Конвенциямен байланысты балалық шақ әлемі» атты құпия түрде әлеуметтік сауалнама алынды. Барлығы 13 оқушысы қатысты. Сауалнама 20 сұрақтан тұрды. Эр оқушы сұрақтарды мұқият ойланып оқып шығып, таңдаған жауаптарының астын сызып отырды. Оқушылар сұрақтарға ретімен жауап беріп отырды. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау, оның алдын-алу шаралары, «құқық әлемінде» мектебімізде психологиялық тренингтер өткізіледі.

Бүгінгі заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді.

Сәуір айында « Күйзелістен қалай құтылуға болады?» оқушылар арасында сауалнама алынды. Мақсаты: емтихан алдындағы оқушы бойындағы күйзелісін арылту мақсатында оқушылардан сауалнама алынды .



Сонымен қатар «Оқушылардың қобалжу деңгейін анықтау» 5-9сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мақсаты: Оқушылардың ситуацияға дейінгі қобалжу деңгейін, оның шығу себебін анықтау. Нәтижесінде ешқандай ауытқулар болған жоқ.

«Баланың негізгі құқықтары мен міндеттері» оқушылар арасында әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат беру.



Мамыр айында 1-4, 5-7 сынып оқушылары арасында «Достық» әңгіме сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.



Ең қымбат –бұл өмір! 7-9сынып оқушылары арасында әңгіме сағаты өтті.
Мақсаты: Дөңгелек үстелдегі әңгіме мақсаты: оқушылардың өмір
құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.
міндеттері:

- жастар арасында суициалды мінез - құлыштың алдын алу;
- «өмір» ұғымына тереңірек үңілуге ықпал жасау;
- өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру;



Аудандық психологтар семинарына үзбей қатысып отырдым.

Мектеп психологы:

А.А.Омарова